Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» атты бағдарламасының 93 қадамында Үкіметке «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылдау тапсырмасы жүктелген болатын. [3]

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-б. нормасына сәйкес Есеп комитетіне Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес республикалық бюджетті жоспарлаудың және атқарудың, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне сыртқы мемлекеттік аудитті жүзеге асыру өкілеттіктері жүктелді, сондай-ақ Есеп комитетінің құзыретіне республикалық бюджетке түсетін түсімдердің, бюд-

жетке түсетін түсімдерді алудың толықтығына және уақтылылығына, сондай-ақ республикалық бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазу дұрыстығына сыртқы мемлекеттік сәйкестік аудитін жүзеге асыру кіреді. [6]

Іс жүзінде облыстардың, Алматы және Астана қалаларының тексеру комиссияларына (бұдан әрі – Тексеру комиссиялары) Заңның 12-б. нормаларында белгіленген жергілікті бюджеттерге қатысты сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу бойынша ұқсас өкілеттіктер жүктелген. [6]

Айта кететін жайт, Заңның көрсетілген нормалары бюджет кірісіне түсетін барлық салықтық және салықтық емес түсімдердің заңдылығы, анықтығы және толықтығы мәселелері бойынша аудиторлық іс-шаралар жүргізген кезде қалыптастыру, нақтылау, түзету және орындау кезеңінен бастап, яғни жалпы бюджет процесінің барлық кезеңдерінде Есеп комитетінің де, Тексеру комиссияларының да құзыреттерін едәуір шектейді.

Сондай-ақ, Заңның қолданыстағы нормалары сыртқы мемлекеттік аудит органдарына республикалық және жергілікті бюджеттердің кіріске түсетін барлық түсім түрлерін (салықтық және салықтық емес) жоспарлаудың негізділігі, анықтығы және толықтығы мәселелері бойынша мемлекеттік уәкілетті органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне егжей-тегжейлі және объективті бағалау жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Айта кететін жайт, бюджет кірісіне түсетін салықтық түсімдердің толықтығы мен уақтылылығына сәйкестік аудитін жүргізу олардың Салық кодексінің нормаларымен

жеткілікті регламенттелгеніне және анықтылығына байланысты аса қиындық туғызбайды. [5]

Бұл ретте бюджет кірісіне түсетін салықтық түсімдерді әкімшілендіру тетігінің өзі жекелеген салық, алым және төлем түрлерінің қолданылу қажеттілігі туралы кейбір мәселелер тұрғысынан егжей-тегжейлі зерттеуді, талқылау мен пысықтауды талап етеді, сондай-ақ салықтық әкімшілендіру әдістерін жетілдіру мәселесі өзекті болып қалады. Мұнда Батыс Қазақстан облысының аудандық бюджет кірістеріне түсетін салықтық түсім көздерінің қалыптасуына мысал келтіру жеткілікті. Көптеген аудандардың бюджеттерінде жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық, шаруа қожалықтары үшін бірыңғай жер салығы, жеке тұлғаларға елді мекендердегі жерлерге салынатын жер салығы, көлік құралдарына салынатын салық түсімдерінің сомасы салық төлеушілердің санына қарай әрбір көрсетілген салық түрі бойынша жалпы соманың шамамен 700 мың теңгеден 1 500 мың теңгеге дейін құрайды. Бұл ретте осы салықтарды әкімшілендіру бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстары (ҚР ҚМ Мемлекеттік кіріс комитетінің аудандар мен қалалардағы аумақтық Мемлекеттік кіріс басқармаларының, ауыл, кент округтерінің және облыс аудандарының ауданға бағынатын қалаларының, салық есептеу үшін мәліметтер беруге және оны жинауды ұйымдастыруға ықпал ететін уәкілетті мемлекеттік органдардың басқа да аумақтық бөлімшелерінің ғимараттарын, жабдықтарын және қызметкерлерін ұстау бойынша шығындар) жергілікті бюджеттерге түсетін салықтық түсімдердің сомасынан едәуір асып түседі. Бұл ретте жергілікті бюджеттердің салықтық

түсімдерін әкімшілендіру (оларды септеу, жинауды ұйымдастыру және т.б.) мақсатына бөлінетін бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігі туралы заңды мәселе ғана емес, сондай-ақ елдің шағын ауылдық аудандарында көрсетілген мемлекеттік уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерінің әрекет ету қажеттілігі туралы өзекті мәселе туындайды.

Осыған байланысты Мемлекеттік кірістер туралы салық кодексінің жобасын әзірлеу барысында жергілікті бюджеттің кірістеріндегі кейбір салық түрлерін біріктіру немесе қажеттілігіне қарай ішінара алып тастау және тәптіштеу (мысалы, жер салығын және мүлік салығын меншік салығы ретінде біріктіру, күрделі әкімшілендірілетін көлік салығының орнына оны бензин мен дизель отынын көтерме және бөлшек сатуға арналған акцизбен біріктіріп, ЖЖМ акцизін құру, сондай-ақ оның құрамына көлік құралдары үшін отын ретінде қолданылатын сұйылтылған газды енгізу) ұсынылады.

Біздің ойымызша, жеке және заңды тұлғалар үшін салық санын азайту мәселесі ғана емес, ал бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында және олардың пайдаланылу тиімділігі үшін оларды әкімшілендіруді ықшамдау қажеттілігі мәселесі өзекті болып табылады. Қолданыстағы Салық кодексіне белгіленген міндетті төлемдер мен алымдардың санын біршама азайту қажеттілігі туындап отыр. [14]

Қазіргі уақытта бюджет кірісіне түсетін салықтық емес түсімдердің сәйкестігіне мемлекеттік аудит және олардың толықтығы мен уақтылылығына бағалау жүргізу ғана емес, сондай-ақ осы төлемдерді әкімшілендіру қиын, бұл мынадай себептерге байланысты:

- төлем түрлерін, мөлшерлемелерін, мерзімдерін белгілеу мәселелері бойынша бірыңғай жиынтық заң актісінің және салықтық емес төлемдер бойынша бірыңғай есептілік нысандарының (Салық кодексінің үлгісінде) болмауы;

- оларды жүргізуге және тиісінше бақылауға жауапты бірыңғай орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органның болмауы, сондай-ақ оларды әкімшілендірудің аса күрделілігі.

Осыған байланысты Салық кодексінің әзірленіп жатқан жаңа нұсқасы тек салықтар мен міндетті

алымдарды ғана емес, ал Бюджет кодексінде көзделген және елдің мемлекеттік бюджетіне түсетін міндетті салықтық емес төлемдерді қамтуға тиіс деп ойлаймыз.

Бұдан басқа, бұл заң актісін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістері туралы» ҚР Кодексі деп атаған дұрыс болар еді.

Бұл жағдайда салықтық емес төлемдерді әкімшілендіруді елдің мемлекеттік кіріс органдарына ешбір қиындықсыз және артық қаражатты шығындамай тапсыруға болар еді. Айта кетейік, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» қолданыстағы ҚР Кодексіне бюджетке түсетін салықтық емес төлемдерді уақтылы және толық төлемегені үшін әкімшілік жауапкершілікті қарау бойынша норма салық органдарының құзыретіне кіреді.

Іс жүзінде салықтық емес төлемдердің сомасы Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі бюджет кірістерінің елеулі бөлігін құрайды.

Мысалы, 2017 жылға арналған республикалық бюджет кірістерінде салықтық түсімдер 4 787 775 502 мың теңге сомасына жоспарланған, ал салықтық емес түсімдер жалпы сомада - 102 758 432 мың теңге. [8]

Бұл ретте Бюджет кодексінің 49-52 баптарының нормаларына сәйкес республикалық бюджеттің салықтық емес түсімдерінің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;
- мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;
- мемлекет меншігінде тұрған, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер;
- мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;
- мемлекеттік меншіктен түсетін өзге кірістер. [4]

Бұдан басқа, «Батыс Қазақстан облысының 2016 жылға арналған облыстық бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіту туралы» Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 26.06.2017ж. №11-1 шешіміне сәйкес 2016 жылы облыстық бюджеттің салықтық түсімдері 38 393 041,0 мың теңгені құрады, ал салықтық емес түсімдер – 2 248 452,8 мың теңге. [9]

Бұдан салықтық және салықтық емес түсімдер бюджеттің негізгі кіріс көздері болып табылатындығын көруге болады.

Бюджеттің кіріс көрсеткіштерінің

бірі ретінде салықтық емес түсімдер көлемі тек оның жай-күйін көрсетіп қана қоймайды, сондай-ақ ол мемлекет активтерінің, соның ішінде мемлекет меншігіндегі мүліктің, мемлекеттің басқа да қаржы активтерінің басқарылу, пайдаланылу тиімділігін бағалаудың маңызды критерийі болып табылады.

Бұдан басқа, Мемлекеттік аудит туралы заңның 12-б. 2-т. 4) т. нормасымен Есеп комитетінің құзыретіне республикалық бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығына және уақтылылығына, сондай-ақ республикалық бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазу дұрыстығына сәйкестік аудитін жүзеге асыру құқығы кіреді. Бұл ретте аталмыш Заңның 13-б. 2-т. 3) т. және 8) т. сәйкес тексеру комиссияларының құзыретіне жергілікті бюджеттерге қатысты ұқсас аудит жүргізу кіреді. [6]

Барлық деңгейдегі бюджеттердің кіріс көздерін қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ барлық деңгейдегі бюджеттерге түсетін түсім түрлері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 49-52 баптарында белгіленген. [4]

Айта кететін жайт, қазіргі уақытта Есеп комитетінің салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігіне аудит жүргізуі, сондай-ақ тексеру комиссияларының салықтық әкімшілендірудің тиімділігіне аудит жүргізуі және олардың бағалауы біршама реттелген және жүйелендірілген. Сөйтп, мемлекеттік кіріс органдары басқа да мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен біріктірілген ведомстволық ақпараттық жүйелерді қолданады, сондай-ақ ең бастысы олардың дерекқорындағы мәліметтер өзекті күйде қалады, барлық пайдаланушыларға, соның ішінде мемлекеттік аудит органдарына қолжетімді болады. Мұндайда мемлекеттік аудит органдарының барлық мемлекеттік уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл тәртібі жеткілікті дәрежеде пысықталған.

Мемлекеттік мүлікті, соның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітілген мүлікті және мемлекетке тиесілі акцияларды және заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін басқарудың, мемлекеттік мүлікке құқық алу мен тоқтатудың құқықтық негіздері, мемлекеттік меншік иесі және мемлекеттік мүлікке өзге құқықтардың иесі

құқығы мен қамтамасыз ету «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген.[7]

Алайда, қазіргі уақытта мемлекеттік мүлікті басқару тетігінің көпсатылылығына және күрделілігіне, осы төлемдерді белгілеудің реттелмегеніне, мөлшерлемелердің, оларды төлеу мерзімдерінің сәйкестендірілмегеніне, сондай-ақ анық және өзекті дерек қордың болмауына байланысты салықтық емес төлемдерді әкімшілендіруде үлкен қиындықтар бар.

Сондай-ақ төлеушілер мен бақылау органдарына жауапкершілік нормаларын белгілеуде тұрлаусыздықтар бар, уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылы бойынша айқын құқықтық актілер жоқ. Мемлекетте бірыңғай интеграцияланған ақпараттық жүйенің болмауы мемлекеттік мүлікті басқару және салықтық емес төлемдерді әкімшілендіру кезінде үлкен қиындықтар туғызады.

Мұнымен қоса, Мемлекеттік мүлік туралы Заңның нормаларына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардан және басқа да төлеушілерден (жеке және заңды тұлғалар) кейбір салықтық емес төлемдерді есептеудің толықтығын және аударудың уақтылылығын әкімшілендіру осы салаларды (орталарды) басқару жөніндегі мемлекеттік органдардың өздеріне жүктелген.

Мысалы, ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлікті басқару және жеке шелеңдіру комитетінің функцияларына мемлекеттік республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кіріс түсімдерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік республикалық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер бойынша бақылау мәселелері жатқызылған.

Ұқсас жағдай облыс, қала және аудан әкімдіктерінің Білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт басқармаларында орын алған, яғни оларға:

- коммуналдық мүлікті жалға беруден және мемлекеттік коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерден;

- тиісті өңірлердің коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кіріс бөлігінен түсетін кіріс түсімдерінің толықтығы мен уақтылылығын бақылау мәселелері

жүктелген.

Бұл ретте Мемлекеттік аудит туралы Заңның күшіне енуіне байланысты облыстардың, Алматы және Астана қалалары әкімдерінің аппараттарында ішкі аудит қызметтерін құру себебінен осы мемлекеттік органдардың бақылау объектісіне аталмыш мәселелер бойынша тікелей аудит жүргізуіне заңды құқықтық негіз жоқ.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Заң қабылданғанға дейін осы салаларды (орталарды) басқару органдары өздерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындарында және мекемелерінде бюджетке түсетін салықтық емес төлемдерді есептеудің анықтығына, оларды аударудың толықтығы мен уақтылылығына тиісті қаржылық бақылау жүргізбеген.

Айта кететін жайт, Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының 2014-2017 жж. жүргізген аудиторлық іс-шараларының нәтижелері бойынша облыстың барлық деңгейдегі бюджет кірістеріне 318,0 млн. теңгеден, соның ішінде 130,0 млн. теңгеден артық салықтық және салықтық емес төлемдер мыналар түрінде қосымша есептеді және өндіріп алынды: БҚО-ның коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кіріс бөлігі, коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдау (жалға беру), соның ішінде коммуналдық баспананы жалдау ақысы. Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың мультипликативтік әсері аса елеулі болып табылады, себебі салықтық және салықтық емес түсімдер сомасы едәуір ұлғайған, оларды әкімшілендіру сапасы жақсарған, жергілікті атқарушы органдар мен уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл реттелген, төлеушілердің (кәсіпорын басшыларының және халықтың) жауапкершілігі артқан, сондай-ақ қазіргі таңда көрсетілген мәселелер бойынша заңнама нормаларының бұзушылықтары біршама азайған.

Жуырда ҚР Парламент депутатының кезекті сессиясының ашылуында ҚР Президенті - Елбасы Н. Назарбаевтың берген тапсырмаларына сәйкес ел бюджетінің кірісіне мұнайдан түспейтін түсімдерді ұлғайту мәселесі өзекті болып қалуда. Біздің ойымызша, мемлекеттік мүлікті басқаруды, бюджетке түсетін түсімдерді (салықтық және салықтық емес)

әкімшілендіруді жақсарту және олардың тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу ірі резервтердің бірі болып табылады.

Көрсетілген мән-жайларға байланысты, қазіргі уақытта егжей-тегжейлі зерттеуді және одан әрі пысықтауды талап ететін аса перспективалық күрделі мәселелер жинақталып қалды деп есептейміз, атап айтқанда:

- біріншіден, республикалық және коммуналдық меншіктегі мемлекеттік мүлікті басқару (жалға, сенімді басқаруға беру тәртібін жеңілдету және т.б.);

- екіншіден, бюджеттің негізгі кіріс көздерінің бірі ретінде салықтық емес төлемдердің мөлшерлемелерін енгізу, белгілеу және оларды әкімшілендіру;

- үшіншіден, жалпы бюджетке түсетін түсімдердің, әсіресе салықтық емес түсімдердің сәйкестігіне мемлекеттік аудитті ұйымдастыру және жүргізу.

Бұл ретте бюджетке түсетін түсімдерді әкімшілендіру және оның сыртқы мемлекеттік аудитін жүргізу тетігін жақсарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетіне түсетін түсімдерді (салықтық және салықтық емес) әкімшілендіру тиімділігін арттыру бойынша мәселелерді зерделеу мен зерттеу нәтижесінде мынадай шаралар қолдану қажет деп есептеймін:

1. Бюджетке түсетін түсімдердің (салықтық және салықтық емес) сәйкестігіне сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу тәсілдерін, әдістерін, рәсімдері мен бағыттарын аса терең зерттеу қажеттілігі туралы.

2. Салықтық емес түсімдердің түрлерін белгілеу және оларды әкімшілендіруді ықшамдау, оларды енгізудің негізділігіне, есептеудің толықтығына және аударудың уақтылылығына ықпалды мемлекеттік бақылау жүргізуді ұйымдастыру жолымен мемлекет активін, соның ішінде мемлекет мүлкін басқару тетіктерін едәуір оңайлату үшін нормативтік құқықтық актілерді сәйкестендіру бойынша ұсынымдар зерделеу және әзірлеу қажет.

Осыған орай, мемлекет активтерін, соның ішінде оның мүлкін басқару тиімділігін жақсарту, сондай-ақ бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер сомасын едәуір ұлғайту үшін мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің қаржылық нәтижелеріне қарамастан мемлекеттік мүлікті (республикалық және коммуналдық

меншіктегі) пайдаланғаны үшін бірыңғай төлем түрінде салық белгілеуді ұсыну қажет. Себебі соңғы жылдары бюджетке түсетін мынадай салықтық емес төлем түсімдері едәуір азайған:

- мемлекеттік кәсіпорындардан (республикалық және коммуналдық меншіктегі) түсетін таза кіріс бөлігі;

- акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтерден немесе мемлекеттің АҚ және ЖШС-қа қатысу үлесінен түсетін түсімдер.

Біздің ойымызша, бұл мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін жақсарту үшін түрткі болады және мемлекеттік мүлікті пайдалану тиімділігі артады. Бұдан басқа, бұл төлем түрі мемлекеттің мемлекеттік меншікті жекешелендірудің екінші (жалпыға бірдей) кезеңі барысында мемлекет активтерін сенімді басқаруға, жалға беруі жағдайында бюджетке елеулі

қаражат алуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс туралы кодексінің нормаларына салықтық емес төлем түрлерін, мөлшерлемелерін, оларды төлеу мерзімдерін белгілеу, олар бойынша есептілік нысанын енгізу, сондай-ақ салық органдарымен қатар оларды сапалы әкімшілендіру бойынша жауапты уәкілетті органдарды белгілеу және (немесе) көрсетілген функцияларды мемлекеттік кіріс органдарына толық беру бойынша мәселелерді енгізу мақсатында оның жобасына ұсынымдар әзірлеу және енгізу қажет.

Уәкілетті органдардың функциялары мен міндеттерін айқын шектеу, сондай-ақ бюджетке түсетін түсімдерді әкімшілендіру кезінде олардың өзара іс-қимылын жақсарту, салықтық түсімдерге

ұқсас бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің құқықтық негіздерін белгілеу бойынша бірыңғай тәсілдерді айқындау мемлекеттің бюджет жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің, барлық бюджет процесін оңтайландырудың, соның ішінде мемлекеттік аудит жүргізудің тиімді әдістерін, рәсімдері мен тетіктерінің сенімді негізін қалыптастырады. [10]

Бюджет кірісіне түсетін түсімдерді әкімшілендірудің, сондай-ақ мемлекеттің қаржы ресурстарын басқарудың сенімді құралы ретінде оған мемлекеттік аудит жүргізудің тиімді тетігін жақсарту және құру мемлекеттің бюджет жүйесінің тиімді жұмыс істеуінің негізі ғана емес, ал ел экономикасын басқарудың маңызды тұтқаларының бірі болып табылады деп есептеймін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан;
2. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі Жарлығы;
3. Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» атты бағдарламасы, 2015 жылғы 20 мамыр
4. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі;
5. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі;

6. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы;

7. «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңы;

8. ҚР Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсы: <http://www.minfin.gov.kz>;

9. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының ресми интернет-ресурсы: <http://www.maslihat-bko.gov.kz>;

10. А.Б.Зейнелғабдин, «Мемлекеттік аудит экономиканы басқару құралы ретінде», Қаржы-экономикалық журнал: «Мемлекеттік аудит – Государственный аудит», №2(19) 2013ж.;

11. О.Н.Өксікбаев, «Государственный финансовый контроль: проблемы и поиск решений», Астана, Фолиант, 2008.;

12. М.И.Қыдырбаев, «Современный налоговый инструментарий как метод регулирования экономической безопасности страны»/МНПК «Kluczowe aspekty nauko wejdziala alnosci-2015», - «Научное пространство Европы – 2014», 3-том. Экономикалық ғылымдар. Премьер, Польша «Наука и студия» ОДД, 2015 жылғы 07-15қаңтар, 93-97-бет, 0,31п.л.

13. А.Қари, «Анализ процесса формирования системы государственного аудита в Казахстане на современном этапе», Есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» РМК ресми интернет-ресурсы: <http://www.cifn.kz>;

14. М.И. Қыдырбаев, «Налоговый инструментарий обеспечения экономической безопасности страны», УДК 336.221.6:330.4(574), Семей қ., 2015.





Уважаемый Нурмухамбет Қанапиевич!

От всей души поздравляем Вас и Ваш коллектив с юбилеем – 10-летием Вашей деятельности!

Трудно переоценить роль и значение Счетного комитета в развитии и стабилизации финансовой системы нашей страны, в управлении экономикой и государством.

Счетный комитет – это высший орган финансового контроля, подчиненный и подотчетный только главе государства.

Ваша главная миссия – осуществление внешнего контроля и оценки исполнения республиканского бюджета. В ходе контрольных мероприятий Вы оцениваете эффективность управления активами государства национальными компаниями, институтами развития, акционерными обществами, эффективность реализации отраслевых, государственных программ, а также эффективность использования грантов, активов государства и гарантированных государством займов.

Главным для Вас является не фиксация финансовых нарушений, а их предупреждение. И по итогам контроля Вами предлагаются конкретные пути эффективного решения многих проблем.

Счетный комитет принимает активное участие в комплексе мероприятий по противодействию коррупции. Одним из эффективных рычагов антикоррупционной борьбы стало введение новой функции Счетного комитета – контроля за соблюдением законодательства о государственных закупках.

Особое внимание уделяется гласности работы Счетного комитета, обеспечению прозрачности исполнения республиканского бюджета и адресному использованию бюджетных средств.

Большое значение придается взаимодействию и сотрудничеству с высшими органами финансового контроля других стран. Счетный комитет является членом пяти международных организаций высших органов финансового контроля (аудита). В рамках данных международных организаций Счетный комитет активно сотрудничает с высшими органами финансового контроля (аудита) других стран, обменивается передовым опытом, новаторскими идеями по вопросам экологического аудита, ключевых национальных показателей, наращивания потенциала и др.



Важно отметить и то, что в настоящее время Казахстаном в связи с мировым финансово-экономическим кризисом принимается комплекс мер по реализации мероприятий, направленных на недопущение рецессии казахстанской экономики, обеспечение макроэкономической стабильности, снижение негативных последствий воздействия внешних факторов и кризисных явлений. На эти цели выделяются значительные финансовые ресурсы.

В связи с этим перед Вами главой государства поставлена конкретная задача по усилению контроля за максимально эффективным использованием средств, выделенных на антикризисные мероприятия, над чем Вы сейчас и работаете.

Университет «Шуран» гордится тем, что нас связывают не только деловые, но и чисто дружеские, человеческие отношения. С момента создания Счетного комитета у нас сложились взаимные партнерские отношения в области консультирования, экспертизы и научной деятельности.

В этот знаменательный для Вашего комитета день мы хотим выразить свою признательность и благодарность за надежные и стабильные партнерские отношения и пожелать успехов в Вашей деятельности, оптимизма, уверенности в завтрашнем дне и дальнейшей плодотворной работы по укреплению финансовой стабильности и процветания нашей страны!

Желаем Вашему дружному коллективу дальнейшего творческого роста и новых свершений!

От имени коллектива
университета «Шуран»
ректор, д.э.н., профессор



Р.А. Алшинов

ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ УПРАВЛЕНИЕ ФИНАНСАМИ



Аширова Н.К.

И.о.доцента АГУ при Президенте РК,
Астана, Казахстан

Внедрение четвертого уровня бюджета – веление времени

Аннотация: Автором в данной статье раскрывается понятие местного самоуправления, его правовая основа и роль в развитии демократизации общества. Представлен обзор последних изменений и дополнений в нормы Бюджетного кодекса РК по вопросам развития местного самоуправления. Кроме этого, поднимается вопрос о проблемах, связанных с внедрением четвертого уровня бюджета на местах.

Ключевые слова: местное самоуправление, четвертый уровень бюджета, трансферты, межбюджетные отношения.

Аңдатпа: Бұл мақалада автор жергілікті өзін-өзі басқару ұғымын, оның құқықтық негізін және қоғамды демократияландыруды дамытуда оның рөлін ашып көрсетеді. ҚР Бюджет кодексінің нормаларына жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларға шолу жасалған. Бұдан басқа, жерлерде бюджеттің төртінші деңгейін енгізуге байланысты проблемалар туралы мәселе қозғалады.

Түйінді сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, бюджеттің төртінші деңгейі, трансферттер, бюджетаралық қатынастар.

Annotation: The author in this article reveals the notion of local self-government, its legal basis and role in the development of the democratization of society. The review of the latest changes and additions to the norms of the Budget Code of the Republic of Kazakhstan on the issues of local government development is presented. In addition, the issue of problems related to the implementation of the fourth level of the local budget is being raised.

Keywords: local self-government, the fourth level of the budget, transfers, interbudgetary relations.

Становление и развитие местного самоуправления государства - представляет собой многоэтапный и динамичный процесс, тесно связанный с развитием институтов государства, а также гражданско-общества. Проводимые реформы по совершенствованию модели местного самоуправления в Казахстане направлены на эффективное использование потенциала народа в целом и способностей отдельно взятых граждан.

Обратимся к определению, что такое местное самоуправление?

Местное самоуправление — организация деятельности граждан, обеспечивающие самостоятельное решение населением вопросов местного значения, управление муниципальной собственностью исходя из интересов всех жителей данной территории. Более широкое понятие местного самоуправления подразумевает право и реальную способность органов местного самоуправления регламентировать значительную часть публичных дел и управлять ею, действуя в рамках закона, под свою ответственность и в интересах местного населения. (википедия)

Правовые основы института местного самоуправления в Республике Казахстан формировались поэтапно, так в 2001 году был принят Закон РК «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», совершенствование норм которого продолжается по сей день [2]. В 2012 году Указом Президента РК была утверждена «Концепция развития местного самоуправления в Республике Казахстан» (далее - Концепция).[1]

Вопросы совершенствования местного самоуправления нашли свое отражение и в «Плане нации «100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева». [4] При этом участие граждан в процессе принятия решений заявлено «через развитие саморегулирования и местного самоуправления», а также предполагает вовлечение заинтересованных граждан через механизм «открытого правительства» в процесс принятия решений государственными органами всех уровней, участие представителей общественности в распределении бюджетных средств

в регионах и передачу институтам гражданского общества полномочий по оказанию социально значимых государственных услуг. Кроме того, в сельских населенных пунктах и городах районного значения обозначено введение «самостоятельного бюджета местного самоуправления».[3]

